

## **ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМГЕ АРНАЛҒАН ҒҰМЫР**

2023 жылы 21 ақпанда 86 жасқа қараған шағында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, көрнекті ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері Әбдімәлік Нысанбайұлы Нысанбаев дүниеден озды.

Әбдімәлік Нысанбайұлы 1937 жылы 1 мамырда Қызылорда облысы Сырдария ауданы Қарауылтөбе ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін бітірген. 1960-1961 жылдары КСРО Ғылым академиясының Химия ғылымдары институтында аға лаборант, 1961-1976 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының Философия және құқық институтында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылым философиясы және методологиясы бөлімінің меңгерушісі болды. 1990 жылдан 2010 жылға дейін Философия және құқық институтының (кейін Философия және саясаттану институты) директоры болды. Сонымен қатар 1997-2003 жылдары «Қазақ энциклопедиясы» баспасының Бас редакторы қызметін қоса атқарды.

Нысанбаевтың негізгі зерттеу еңбектері диалектика және таным теориясы, ғылым философиясы мен методологиясы, қазақ және түркі философиясы, әлеуметтік және саяси философия, саясаттану және мәдениеттану мәселелеріне арналды. Көптеген ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындады. Нысанбаев 570-тен астам ғылыми, ғылыми-сараптамалық, ғылыми-әдістемелік еңбектер, соның ішінде 30 монография, жеке кітаптар мен оқу құралдарын жазған. Ғалымның бірқатар ғылыми еңбектері 25 шет тілдерінде жарық көрген.

Әбекең гуманитарлық ғылымдар бойынша еліміздің зияткерлік деңгейін көтеру мақсатында 65 ғылым докторын, 100-ден астам ғылым кандидатын білікті мамандар ретінде дайындады. Олардың ішінде отандастарымыздан басқа Ресейдің, Түркияның, Өзбекстанның, Қырғызстанның, Әзір-байжанның азаматтары да бар.

Ғылымдағы шығармашылық еңбегі үшін ғалым ағамыз көптеген марапаттауларға ие болды. Солардың ішінен бірнешеу атап өтелік. Мәселен, Қазақстанның және Түркияның Мемлекеттік сыйлықтарын, ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын алды. «Отан», «Парасат» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. 2005 жылы «Философ Нысанбаев» атты деректі фильм жарық көрді.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбдімәлік Нысанбайұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның туыстары мен жақындарына, жалпы еліміздің философтар қауымына орны толмас қайғыларына ортақтасып шынайы көңіл айтамыз.

***Философия, саясаттану және дінтану институты,  
Философия орталығының директоры,  
философия ғылымдарының докторы, профессор  
Серік Есентайұлы Нұрмұратов***